

*Есбосынов Е.З.



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ergaliesb@gmail.com

ОСМАН ТІЛІНДЕГІ АЛҒАШҚЫ ОҚУЛЫҚ: КАВАИД-И ОСМАНИЙЕ

Аңдатпа. Ғылымның қай саласы болмасын, оның пайда болуы, дамуы мен қалыптасу тарихы бар. Уақыт өте келе олардың бағыты мен мақсаты, тіпті өзіндік ғылыми мектебі қалыптасып, академиялық салт-дәстүрі пайда болатыны анық. Сондай іргелі де ауқымды ғылым салаларының бірі – шығыстану, оның құрамдас бөлігі османистика екендігі анық. Ал османистиканың негізгі бағыты Осман империясы мен төңірегіндегі зерттеулер болса, ілесе, қатпарласа жүретін осман тілі зерттеулерін айналып өту мүмкін емес. Себебі қазіргі түрік тілінің «атасы» болып табылатын осман тілі, – түркітану ғылымында ерекше орынға ие. Мұны түрік ғалымдары да назарда ұстап осман тілі оқулықтарының зерттеулеріне үлкен мән берген. Біз осы ретте қолға тиген деректер негізінде осман тілінің классикалық үлгіде жазылған тұңғыш оқулығы деп танылатын «Каваид-и османие» туралы мәліметтермен бөліспекшіміз. Кейбір ғалымдар бұл еңбекті жалпытүркілік жазба жәдігерлері болып табылатын «Диван-и лұғати-т түрк», «Кодекс Куманикус» немесе «Китаб әл-Идрак ли-Лисан әл-Атрак» сияқты жазба ескерткіштермен қатар қоюға болмайтындығын ескертіп, оларды «оқулық емес» «грамматикалық комментарийлер жиынтығы» деп атап, сол дәуір шығармалардың дерлік барлығын «лексикографиялық еңбектер» деп атаған. Мұндай пікірді А.Н.Кононов та қолдап, «Каваид-и османие» - осман тілінің ең алғашқы грамматикалық оқулығы деп атаған. Еңбек, сол кезең баспа өнімдері сияқты құрылымы жағынан өзіндік ерекшелікке ие болып «мазмұны» графасымен жабдықталмаған. «Алғысөз» бөлігі ел басшысы, яғни Осман империясы сұлтаны Гази Сұлтан II Абдулхамит Ханға мадақтау сөзімен басталған. Мұнда сұлтанға ілтипат пен басиюшілік мазмұнды қаратпа сөздермен қоса «Алла-тағала атынан» тілек айту, дұға оқу сияқты ұлықтау сөздер молынан кездеседі. Аталмыш кітап *Türk Edebiyatı Tarihi* – Түрік әдебиеті тарихы энциклопедиялық басылымның Ахмед Жевдет Паша деген графасында берген мәліметіне қарағанда 1850 ж. Стамбұлда шыққан. Сөйтіп, Ахмет Жевдет пен Кечежизаде Фуат Пашаның ортақтаса түзген осман тілі оқулығы өзінен кейінгі түрік тілі пәні оқулықтарының жазылуына, түрік грамматика мектебінің қалыптасуына ықпал етті. Ал Ахмет Жевдет, кейінірек, осы еңбегін толықтырып бірнеше мәрте қайта шығаруымен қатар, кейінірек қосымша өңдеп «Каваид-и Түркийе» деген атаумен 1875 ж. Стамбұлда жариялады. Осы еңбек аясында осман тілі грамматикасы мен жалпы тіл үйрету үдерісі бірізділікке түсіп еуропалық үлгідегі түрік грамматика мектебінің негізі нығая түсті.

Кілт сөздер: осман тілі, осман тілі грамматикасы, Каваид-и османие, Ахмет ЖевдетПаша, Стамбұл.

Кіріспе

Түрік лексикографиялық еңбектерінің бірінде қазақшадағы «білім алу, білім беру» дегенге саятын «егитим» сөзі мынадай анықтамамен берілген: *eğitim*: бала мен жасөспірімдердің қоғамдық өмірде өз орындарын таба білу үшін іске асырылатын іс-әрекет және осының төңірегіндегі компетенция; балалардың ой-саналарын орнықтыру үшін атқарылатын іс; мектеп іші немесе мектеп тысында, ашық немесе жанама түрде бір-біріне қамқор, мейірімді болуға тәрбиелейтін үрдіс (*Türkçe Sözlük*, 2011: 761), дей келе *eğitim alanı* – *білім беру саласы*; *eğitim bilimi* – *білім беру ғылымы – методика*; , *eğitim dönemi* – *білім беру*

кезеңі; eğitim enstitüsü – білім беру институты деп 30 туынды сөз бен сөз тіркестерімен жалғасады. Осы сөздікте «кітап» лексемасы мынадай анықтамамен жабдықталған: *kitap*: 1. Түптелген немесе түптелмеген, машинамен басылған немесе қолмен жазылған қағаз беттерінің бір жерге жиынтықтала тігілуі. Кітапқа қатысты туынды сөздердің 24 атауын берген: *kitap sarayı*, *kitap kurdu* – *кітапқұмар*, *kitap фанаты*; *ehlî kitap* – *киелі кітап*, *baş ucu kitabı* – *оқырманның жастығы астында сақталатын кітабы* (Türkçe Sözlük, 2011: 1450 s.). Ал Абай тілімен айтсақ кітап дегеніміз: «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге, Артық ғылым *kitapta*, Ерінбей оқып көруге (Абай тілі сөздігі, 1968: 353).

Шағын мақаламызда түркиялық, қалаберді османдық білім беру үрдісі, оның ішінде балаларды оқыту, жазу-сызуға үйрету жүйесінде ерекше орын алатын кітап туралы айтпақшымыз. Ол – осман түріктерінің балаларға арнап шығарған ең алғашқы грамматикалық оқулығы *Каваид-и османийе*. Сол кезең османдық атқамінер мен зиялы қауымның ерен еңбегі нәтижесінде дүниеге келген шығарма, Осман империясының соңғы падишахтарының бірі Гази Сұлтан II Абдулхамит Ханның қолдауымен ашылған тұңғыш Ғылым академиясының мақұлдауымен жарық көрген. Түрік Уикипедия мәліметіне қарағанда Француз ғылым академиясының құрылымдық негізін басшылыққа алған академия 1851 – 1862 жылдар арасында жұмыс атқарған. Назар аударарлық тұсы кітап, 1851 ж. еуропалық үлгідегі «Еңжүмен-и Даниш-тің» (Ғылым академиясы) мақұлдауы бойынша елдің бүкіл бастауыш мектептеріндегі басты грамматикалық оқулық ретінде міндеттелген.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Түрік ғалымдарының осман тілі мен қазіргі түрік тілі тарихына қатысты еңбектерге аса мән беріп, ыждахатпен іздестіріп-сұрыптайтыны табиғи үдеріс болса керек. Бұл тұрғыда түрік тілші ғалымдарының жиған-топтаған, сұрыптаған және жүйелеген еңбектері аз емес. Сондай жүйелі ізденістер нәтижесінде түрік тілі тарихына одан әрі осман тілі төңірегінде қалыптасқан алғашқы грамматикалық нұсқаулықтар да зерттеу нысанына ілікті. Осы мазмұндағы еңбектер тізбесі бай және салалық бағдары мол. Бұл ретте түрік лексикографиясы да іргелі зерттеулерді іске асырып түрік тілі тарихына қатысты көптеген ғылыми деректерді бірізділікке салуда жетекші рөл атқаруда. Мұны «Osmanlıca-Türkçe Ansiklopedik Lûgat -*Осман тілі – түрік тілі энциклопедиялық сөздігі*» еңбегімен қатар “Örnekleriyle Türkçe Sözlük – *Мысалдарымен Түрікше Сөздік*” деп аталатын түсіндірме сөздіктерден де байқауға болады. Біз де тақырыптық бағыт аясында осы сөздікте орын алған «осман» лексемасының мән-мазмұндық варианттарын баяндаған бөлігін қазақшалағанды жөн көрдік: *Osman*. Ислам халифасы. Құранның осы уақытқа дейін шынайылығы мен ақиқатына күмән тудырмайтын кітап ретінде жетуінде үлкен рөл атқарды. Серілігі мығым, мәрт, мейірімді және жұмсақ мінезді тұлға деп танылады; *Dört kitabı okuyan sinesi dolu Kurân*, *Okuyup ma'ni veren Hazret-i Osman yatur*. – *Төрт кітапқа (Тәурат, Інжіл, Зәбүр, Құран. – Е.Е.) тең болған Құран(ды) оқып уағыз айтқан киелі Осман жатыр* (A.Gölpınarlı, Yunus Emre ve Tasavvuf, 320); *Osmanî*. (I) Османдықтарға тиесілі. Османдықтарға қатысты. (II) Османдық қолбасшы II.Османнның дәуірінде бастырылып шығып тұрған күміс ақша; *Osmanlı*. (I) Осман Гази (қахарман Осман. – Е.Е.) тарапынан 1299 ж. құрылған мемлекет және мемлекет басқару институттары. *Avrupalılar Osmanlı'yı bizden daha iyi biliyorlar ve tanıdıkça sevgileri artıyor*. – *Еуропалықтар османдықтарды бізден де жақсы біледі, таныған сайын бізге деген ынтызарлығы да арта түсуде* (M.Karlan. Büyük Türkiye rüyası., 207). (II) Ойын еш қобалжымай жайып салатын адам, қайратты, мәрт, батыл. (III).Османдық әйел; *Osmanlı İmparatorluğu (Devleti)* – Осман империясы (мемлекеті): Адамзат тарихындағы ең жоғарғы саяси және мәдени жетістіктердің бірі және түркі халықтарының тарихындағы, қай жағынан алып қараса да, ең ірі мемлекеттік құрылымы. Стамбұлды қолға алғаннан кейін (1453) империялық негізге ие бола бастады. XVII ғасырда шын мәніндегі «әлемдік деңгейдегі» сатыға көтерілді. Османдықтар өз елін ана

тілдерінде (осман тілінде. – E.E.) «Девлет-и алийе» – Ұлы мемлекет деп атады. Бұл атауды осы елді құрушы Османның есімімен байланыстырады. Türklerin yüzyıllarca kan ve emek vererek kurdukları Osmanlı İmparatorluğu, diğer imparatorluklar gibi sömürgeci bir imparatorluk değil, kendisine dahil her kavmin varlığına saygı duyan ve pek çok faydalar sağlayan bir kavmin topluluğuydu.. – *Түркілердің ғасырлар бойы қан мен жан беріп құрған Осман империясы мемлекеті, басқыншылық-колонизаторлық саясатты негізге алған басқа империяларға ұқсамады. Бұл ел өз халқымен қоса әрбір ұлты мен ұлысына құрметпен қарайтын, қорғайтын ел ретінде танылды* (M.Kaplan. Büyük Türkiye Rüyası, 17). *Osmanlı* (II). I. Ертеректе әйел киімін тігуге жарамды деп танылған мақта қосылған жібек матаның бір түрі. II. Шығыстық үлгідегі буфеттердің бір түрі. III. Нарды ойынының бір түрі. *Osmanlıca* I. Батыс түркі тілінің Анадолы түркі тілінен бөлініп шыққан соң 2-ші дәуірі басталатын және бұл XV ғ. XX ғ. басына дейін жалғасын табатын түркі тілі. Бұл тіл әсіресе XV ғ. бастап арап және парсы тілдері ықпалында қалған. Осы жазба тілге *османлы* тілі деп айтады. II. Османдықтар меншігі. Османдарға тиесілі: тілі, салт-дәстүрі, жүріс-тұрысы. II. Османдықтарға тән; *Osmanlılar*. Осман мемлекеті немесе осы елге қатыстылық. (Örnekleleriyle Türkçe Sözlük, 2002: 2185). Кезінде кеңес одағы дәуірінде, қазақ зерттеушілері осман тіліне қатысты деректерге контекстік тұрғыда иллюстративтік мысал беріп отырған: Важную роль в усовершенствовании традиционной схемы распределения слов на части речи сыграли грамматики советского периода – *Сөздерді сөйлем мүшелеріне қарай жіктеудің дәстүрлі схемасын ұштап-жетілдіруде кеңестік грамматикер маңызды рөл атқарды* (Кажибеков, 1986: 19). Бұдан әрине, осман тіліне қатысты қандай да бір мәліметті байқау мүмкін емес. Біздің назар аударғанымыз кітап авторының А.Н.Самойловичтің «Краткая учебная грамматика османско-турецкого языка» деген еңбегіне сілтеме жасағаны болды.

Зерттеу нысанымызға алған «Каваид-и османие» кітабын А.Н. Кононов *Грамматика современного турецкого языка* деген еңбегінің «Кіріспе» бөлігінде атап өткен: В 1851 г. в Самбуле турецкие ученые Фуад-эфенди и Жевдет-эфенди издали новую краткую грамматику *Каваид-и османие* «Правила османского языка». В дальнейшем эта работа неоднократно переиздавалась и стала образцом для авторов последующих грамматик, от большинства которых она все-таки выгодно отличалась как трактовкой отдельных положений, так и умеренным использованием арабской грамматической схемы. Эта работа по праву привлекла внимание европейских тюркологов и многими из них была использована при составлении грамматик турецкого языка– *1851 ж. Стамбұлда Фуад-эфенді мен Жевдет-эфенді сынды түрік оқымыстылары «Каваид-и османие» деп аталатын «Осман тілі ережелері» кітабын шығарды. Уақыт өте келе кітап бірнеше мәрте қайта басылып кейінгі авторларға үлгі болды. Мұнда жекелеген тақырыптық трактовкалар ұтымды көрінуімен қатар арапнегізді грамматикалық схемалар да күрделендірілмей оңтайлы жазылды. Осы ретте, бұл кітап, европалық зерттеушілердің де назарына ілігіп осман-түрік тілі грамматикасына қатысты өздері жазған еңбектеріне материал ретінде пайдаланылды* (Кононов, 1956: 12). Айта кету керек, Кононов бірнеше мәрте басылған кітаптың 1851 жылғысын айтып отыр.

Каваид-и османиенің авторы Ахмет Жевдет Паша өз заманы атқамінер-оқымыстыларының алдыңғы қатарында жүрген мемлекет қайраткері. Оның еңбегін замандастары да бағалап тұңғыш академияның құрылуын соның есімімен байланыстарған. Европалық үлгідегі ғылым орталығының құрылу сатысында империя падишахына өз атынан хат жазып академияның құрылуында шешуші рөл атқарған. Сөйтіп осман-түріктердің алғашқы Ғылым академиясы 26 мамыр, 1851 ж. сұлтан жарлығымен Стамбұлда құрылып «Енжүмен-и Даниш» деген атауға ие болды.

Ахмет Жевдет 1822 ж. қазіргі Болгария шекарасындағы Лофча ауылында туған. Жергілікті мешітте хат танығаннан кейін Стамбұлдың Чаршамба кварталындағы Пашаоғлы

медресесіне келеді. Өзінің қызығушылығы бойынша медреседегі оқуы тысында жеке семинар, уағыздарға қатысып сауатын ашады, арап пен парсы әдебиетіне қызығушылық танытады. Осман-түрік әдебиетінің месневи-тасаввуф (суфизм. – Е.Е.) сияқты құрамдас бөлігіне етене жақындық танытады. Бұл қызығушылығы адами тұлғасына әсер етіп жеке басының этикасы мен эстетикасына әсер етеді. Сонымен қатар құқық, тарих және тілбілімі лекцияларын қызыға тыңдайды. Оқымысты ретінде қалыптаса келе гуманитарлық ғылымдардың білгірі атанады. Сол кезеңдерде Ахмет Жевдет есімінен гөрі, Жевдет Паша деген есіммен жиірек атала бастайды. Жевдет Паша Танзимат дәуіріндегі реформалардың жалғасына тұспа-тұс келген тұлға ретінде танылады. Ол османдық немесе анадолы түрік әдебиеті концептілерінің жақтаушысы болып, сол кезең түрік әдебиетін заманына қарай бейімдеуді қолдайды. Бұл тезис уақыт өте келе ұлттық реңк алып түрік ұлттық әдебиетін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл тұрғыда Жевдет Пашаның жекелеген пікір мен ұсыныстары, принциптік көзқарастарының маңыздылығы арта түседі. Оның «түрік тілін түріктендіру» яғни тіл реформасын қолға алу көзқарасы, түрік әдебиетінің жекелеген теориялық концептілерін қайта қарау сияқты ғылыми постулаттары өз заманының ірі оқымысты-теоретиктер қатарынан көрінуіне себеп болады. Ол тілші, әдебиетші, құқықтанушы, ақын болумен қатар ірі мемлекет қайраткері, осман елі үкіметінің, оның ішінде коммерция мен сыртқы сауда-саттық министрлігі сияқты ең жоғарғы лауазымын атқарған кәнігі чиновник ретінде де танылады. Чиновниктік лауазымы кезінде түрлі заңдық актілер мен заңнамалық нормаларды жазуда, жетілдіруде және практикалық жұмыста қолдануда жетекші маман ретінде танылған.

Ахмет Жевдет Пашаның *Каваид-и османие* атты грамматикасынан басқа Осман империясының 1774 – 1825 ж. арасы тарихын қамтыған 12 томдық *Тарих-и Жевдет* (Târih-i Cevdet); Ислам халифелерімен қоса Адемнен (Âdem) бастап Екінші Мұратқа (İkinci Murad) дейінгі османдық патша-хандардың өткен-кеткендері туралы және ағартушылық-педагогикалық тұсы басым түсетін *Қысас-ы Енбуа* (Kısas-ı Enbiya); өз заманының моральдық, рухани ахуалын екшеген *Тезакир-и Жевдет* (Tezaki-i Cevdet) сияқты құнды шығармалардың авторы.

Ірі ойшыл, әдебиетші, тарихшы, құқықтанушы, қоғам қайраткері Ахмет Жевдет Паша 1895 ж. Стамбұлдың Бебек (бөбек. – Е.Е.) кварталындағы үйінде 1895 ж. мамырда дүниеден озды. Қабірі 1463 – 1470 жылдары Осман билеушісі II Мехмет әмірімен салынған Фатих Медресесінің (Fatih Camii) бақшасынан орын тапты (Resimli Türk Edebiyatı Tarihi (1998): 957).

Талқылау

Осман тіліне қатысты оқулықтар қазақтілді контенттерде, жекелеген шағын мақалалар мен тезитсердегі сілтеме я болмаса «атап өту» сияқты комментарийлер тысында, негізінен аз кездеседі. Бұған Е.З.Қажыбектің иллюстративті цитатасы мысал бола алады. Сілтеме жасаған кітабы А.Н. Самойловичтің «Краткая учебная грамматика османско-турецкого языка – Осман-түрік тілінің қысқаша оқулық грамматикасы» деп аталады. Кітап 2002 ж. шыққан бірақ ішкі мұқаба беті «репринтное издание 1925 г. с дополнением и исправлениями – 1925 жылғы басылымының толықтырылған және өңделген репринттік басылымы» деген ескертпемен берілген. Кітап сол кезең османтілді басылымдардың да көптеп жарияланған уақытына тұспа-тұс келгендіктен зерттеу нысанымыз болып отырған «Каваид-и османиемен» де үндес деп пайымдадық.

Кітаптың ішкі мұқаба бетінің аңдатпасы былай дейді: «Қазірде библиографиялық сирек кездесетін шығармаға айналған «Осман-түрік тілінің қысқаша оқулық грамматикасы» отандық танымал түркітанушылардың бірі А.Н. Самойлович тарапынан жазылды. Автор өз еңбегін «оқулық» деп атаған, ал грамаатика бөлігі XIX ғ. мен XX ғ. басы түрік грамматика

зерттеулерінің толыққанды жинағы болып табылады. Қазіргі кезде бұл кітапты ескі түрік жазба ескерткіштерінің нұсқаулығы деп атасақ та болады. Кітап, түрік тіліне қызығушылық танытушылар мен арапнегізді алфавитпен жазылған түркі мәтіндерін оқимын дегендерге арналады» (Самойлович, 1925: 8). Біз осы кітаптың II графасындағы «Общая характеристика османско-турецкого языка в связи с прочими турецкими – *Осман-түрік тілін басқа да түркі тілдерімен байланыстыра қарағандағы жалпы көрінісі*» деген тақырыпшасына назар аудардық: «Осман-түрік тілі, – әрине жалпылама немесе шартты атау. Егер ұзындау шолып айтсақ бірнеше Анатолиялық аумақтың (Анадолы. – *Е.Е.*) Сирияға кіріге жапсарласуы арқылы және Балқандық түркі диалектілері бар, бұларды – бұл *каба түркче* (қарабайыр түрік тілі. – *Е.Е.*) десе; мұнымен қоса «орта шептегі түрік әдеби тілі» деп айта аламыз, мұны *орта түркче* (орта түрік тілі – *Е.Е.*) деп айтса болады. Осы *орта түркчеде* негізінен сауатты астана және ірі қала тұрғындары сөйлейді; және «жоғарғы стильді әдеби тіл» - *фасых түркчеси* (ақсүйек-атқамінердердің түрік тілі. – *Е.Е.*) дегенді атай кеткен жөн, мұны қарапайым халықтың мұң-мұқтажынан бейхабар, ел-жұрттың проблемасы алабөтен толғандыра қоймайтын діни элита мен чиновниктер сөйлейді. Бұлар қашанда сұлтан сарайы мен шетелдік «жаңалыққа» қызығушылық танытатын ұрпақтан ұрпаққа ауысып келе жатқан элиталық топтың тілі болып табылады. Осы оқулық «орта стиль» - *орта түркчени* негізге алды. Осы тіл әдеби нормаларды сақтап қалуымен ерекшеленеді және бұрынғы түрік астанасы Стамбұлдың сауатты халқы сөйлейтін тіл ретінде танылады. Кітабымызда арап және парсынегізді грамматикалық элементтерге көп тұрақтамаймыз. Себебі бұл тақырыпты оқырмандарымыз, тиісті маман иелерінен немесе мазмұндас кітап оқу арқылы білулеріне болады (Самойлович, 1925: 17). Самойловичтің осман-түрік тіліне қатысты *каба түркче*, *орта түркче* және *фасых түркче* деген классификациясын түрік ғалымдарының өздері де ішінара қолдағандарын айта аламыз. Түркітанушы ғалым Талат Текиннің пайымдауынша бұл классификацияны ең алғашқылардың бірі болып мажар оқымыстылары өнідіріске енгізген. Бұл термин Түркия Республикасы құрылуы кезеңіне тұспа-тұс келгендіктен түрік тілінің түбегейлі реформасын бастаған Ататүріктің өзі естіп «каба түркче жоқ – бір ғана түрік тілі бар» деп наразылығын білдірген екен (Tekin, 1972: 29).

Зерттеу нәтижелері

«Каваид-и османие» қазіргі уақытта да түрік зерттеушілерінің назарында. Профессор Назым Полат «Türkçenin Öğretimi ve Ahmet Cevdet Paşa – *Түрік тілін оқыту және Жевдет Паша*» деген мақаласында «Түрік тілі тарихын қаншама ескі, көне деп атасақ та осы тілдің оқытылуы мен үйретілуі сияқты келелі мәселелер өте «жас» көрінетіні хақ. Бұл «мәселенің» күн тәртібіне қойылуы қазіргі уақытқа дейін келіп 1851 ж. шыққан және Енжүмен-и Даништің салтанатты ашылу рәсіміне орайластырылып Сұлтан Абдулазизге ұсынылған «Каваид-и османие» кітабымен байланысты. Бұл кітап түрік тілінің ережелерін жинап-топтаған грамматикалық алғашқы оқулығымыз болып табылады. Ал бұдан бұрынғы дәуірлер дегенде төрт еңбекті айта аламыз: Махмұд Қашқаридің *Диван-и лұғати-т түрк* шығармасы (1074 ж.), Кониялық (Түркияның оңтүстігіндегі Кония қаласы. – *Е.Е.*) Халиб бин Мұхаммед бин Иусуфтың жазған *Китаб-ы межмү-і тержұман-ы түрк-и ве ажеми ве монголи ве фарси* (1343 ж.) кітабы және араптекті оқымысты Абу Хаианның *Китаб әл-Идрак ли-Лисан әл-Атрак* жазба ескерткіші. Бұған Жемалұддин Әбу Мұхаммед Абдуллах әт-Түркидің *Китаб-ы булгати-л мүштак фи лұғати-т түрк ме-л Кыфчак* (1431 ж. бұрын)» жазба ескерткішін қоса аламыз. Алайда бұлар түркі тілдерінің лексикалық қорына акцент жасаған лексикографиялық еңбектер болғандығы сөзсіз» дей келе *Каваид-и османие* туралы, еңбектің екі авторы туралы былай деп жалғастырады: «Жевдет Әпенді мен Кечежизде Фуат Әпенді (уақыт өте келе екеуі де *паша* атанады) Бурсаның сарқырама-бұлағында болған кездерінде, 1850 ж. *Каваид-и османие* грамматика кітабын Енжүмен-и Даништің ашылу

рәсімінде және осы академияның мақұлдауымен 18 шілде, 1851 ж., Сұлтан Абдулмәжитке табыстайды. Біздің ойымызша еңбектің бастапқы варианттарында Фуат Пашаның ынтасы және қалауымен сөз түрлері/таптары және тілдік ережелер сияқты мазмұндық тақырыпшалар француз грамматика мектебіне ұқсастық көрсеткен, ал түрік тілінің семантикасы мен есімдік-етістік жіктеу формалары сол кезде осман тілінде көріне қоймаған стильмен жазылған. Бұл өз кезегінде осман тілінің де осындай дәлдік пен мән-мағынаға ие бола алатын паш етіп, осман тілінің ғылыми грамматика бағытына қарай қадам басуына жол ашқан. Жевдет Паша бұл кітапты үнемі назарда ұстап жетілдірумен болған. Уақыт өте келе осман тілі грамматикасының семантикасы мен морфологиясына қатысты графалармен толықтырғанын айтқан. Осы толықтырылған нұсқасы академияның рұқсатымен бүкіл елдің бастауыш мектептерінде оқытыла бастайды. Жевдет Пашаның сөзіне қарағанда осы нұсқаның қысқартылған нұсқасы *Медхал-и кавайд* атауымен дайындалады. Бірақ бұл еңбегі бастауыш мектеп оқушылары үшін күрделілеу болғандықтан Маариф Незаретінде (Білім министрлігі. – Е.Е.) арнайы комиссия құрылып аталмыш кітапты жетілдіру жөнінде ұсыныс қабылдайды. Осыдан кейін *Кавайд-и Түркийе* оқулығы дүниеге келеді. Осы уақыт аралығында үнемі тәжірибе жинақтап ізденісте болған Жевдет Паша бастапқы *Кавайд-и османиесін* жетілдіріп *Тертиб-и жедид кавайд-и османие* деп ат қойып жаңа бір оқулық жазып шығады. Яғни осы бастапқы үш кітаптың жетілдірілген, толықтырылып және өңделген соңғы варианты *Тертиб-и жедид...* деп аталады» (Polat, 2003: 447).

Түрік баспасында *Кавайд-и османие* оқулығының екінші авторы Кечежизаде Мехмет Фуат Паша туралы мәліметтер молынан кездеседі. Ол 17 қаңтар, 1815 ж. Стамбұлда туған. Иззет молда есімді әкесі XIX ғ. басы түрік әдебиетінің танымал ақындарының бірі болған, анасы текті ақсүйектер Мерзифонлузаделер отбасынан шыққан.

Бала кезінде дәстүрлі молда-медресе маңайынан хат танығаннан кейін европалық үлгідегі білімге ден қояды. Стамбұл медицина мектебінде оқып 22 жасында диплом алып «ең жас доктор» деген атаққа ие болады. Өз еркімен француз, арап пен парсы тілдерін меңгергендіктен «Doktor Yüzbaşı - доктор-капитан» атағын иеленеді. Осы лақап атымен мемлекеттік органдардағы қызметіне бастайды. Оған өзінің «текті отбасынан шыққандығы» да әсер етеді. Ахмет Жевдет Пашамен бірлесе жазған осман тілі оқулығынан кейін Анадолының бірнеше жерінде мемлекеттік қызметте болып аянбай еңбек етеді. Осман елінің Сыртқы істер министрлігі тапсырмасымен Европа мен Крит аралында түрлі мемлекеттік лауазымда болады. Уақыт өте келе Стамбұлға келіп, дертке ұшырағанын сезе бастайды. Дәрігерлер мен әріптестері «Стамбұлда жүріп емделуге уақыт таппайсың» деп шетелге барып қайтуға кеңес береді. Сөйтіп Францияның жайлы Ницца қаласына тұрақтайды. Ниццада біршама тұрғаннан кейін османдықтар мен Греция арасында кикілжің басталғанын көріп халықаралық қатынастарға араласуға мәжбүр болады. Тағы матқапы жұмысқа кірісіп ел қамымен *talimatname* – *нұсқаулық* жазуға кіріседі. Фуад Паша 12 ақпан, 1869 ж. Сыртқы істер министрлігіндегі мемлекеттік лауазымын атқару барысында Ницца қаласында көз жұмады. Мәйіті Француз әскери кемесімен Стамбұлға жеткізіліп Сұлтаныхмет кварталындағы өзі бас-көз боп салдырған Пейкхане даңғылындағы мешіт бақшасына жерленеді (Acar, 2020: 4).



1-сурет. «Каваид-и османие» кітабының титулдық беті

Ізденіс барысында *Каваид-и османиенің* электрондық ПДФ нұсқасын басты дерек ретінде көрдік. Кітап Түркия ұлы ұлттық мәжілісі – Түрік парламенті кітапханасының электрондық базасынан алынды. Еңбектің ішкі титулдық бетінен кейін екі екі шағын «Алғысөз» орын алған. Латынша транскрипциясы:

Bismillah Muhammed Resulullah

Malum-ı üdeba olduğu üzere kavaid-i Osmaniye ki lisan Osmaniye'nin kavaid-i sarfiye ve nahviyesine dair en iptida yayılmış olan bir eserdir. Encümen-i Daniş tarafından be-tasdik-i mekatib-i umumiyyede tedrisine başlamış ve mübtedilere medar-ı suhulet olmak üzere medhal-i kavaid namıyla onun bir muhtasarı yapıлып buna bazı kavaide dahi ilhak olunmuş idi. Lakin mübtedilere dahi medhal-i kavaidin dahi ağır geldiği ehli hibre olan muallimin tarafından haber verilmekle mekatib-i umummiye ders cedvellerinin tertibi için Maarif-i Umumiye Nezaretinde teşkil olunan ehli-i hibre komiyonunda mekatib-i iptidaiye şakirdanı için daha muhtasar ve müfid bir risalenin telifi ihtar ve teklif olunmakla Kavaid-i Türkiye namıyla bir risalecik kaleme alınmış idi. Қазақша аудармасы:

Бисмиллах Мухаммед Ресулуллах.


Айтылып жүргеніндей, «Кафайид-и османийе» осман тілінің грамматикасы мен стилистикасын жүйелеп-жинақтаған ең алғашқы және кең тараған еңбектердің бірі. Еңбек, Еңжүмен-и Даништің мақұлдауымен жалпы білім беретін білім ошақтарына оқулық ретінде ұсынылған. Бастапқы сынып оқушыларын ынталандыру ниетімен «Медхал-и кавид» яғни «лингвистикаға кіріспе» атты қысқартылған, шағын графамен жабдықтаған. Алайда тәжірибелі оқытушылар атап өткеніндей аталмыш еңбек бастапқы сынып оқушыларына ауырлау, күрделі болды. Осыны қаперге алған Маариф-и умумие назария-тында (Білім беру министрлігінде) арнайы комиссия құрылып, бастауыш мектеп оқушылары үшін қысқа, шағын және пайдалы (оқушылардың пайымдауына қолайлы – Е.Е.) кітап жазу жөнінде ұсыныс қабылданды. Өстіп, «Кавайид-и Османийе» атты шағын оқулық дүниеге келді.

3-ші беттегішағын аңдатпа.

Латынша транскрипциясы: Nüşa-yı nefsiye-i şan ve şevket ve serlevha-i mecmua-i hilafet ve saltanat şaehriyar-ı muarifperin ve padişah-ı merahimküster hakan-ı bi-misl ve bi-müdani (essultan-ı gazi abdulhamid han-ı sani) efendimiz hazretlerinin Ve mücella-,i celail asarı olan asr muarif-i hasr hümayunlarında mevki-i intişare konulan bunca asarı cemileye bir lahika-i acizane ve naçizane olmak üzere bu kere kavaid-i Osmaniye bervech-i ati yeniden tertib olundu. Cenab-ı hak zat-ı ferişte-sıfat hümayünlerini daima tevfikat-ı samedaniyesine makrun ve ömr-i şevket-i şahanelerini ruz-efzun buyursun. Amin.

Қазақша аудармасы: *Салтанат пен сый-сияпаттың үлгісі, халифатымыз бен елді басқарудың бас тәжі, ғылым мен білімге ынтызар батырларымыздың көшбасшысы, ізгілігімен халықтың қолдауына ие болған бас падишах, теңдесі жоқ, баламасы жоқ патшамыз Гази Сұлтан II Абдұлхамит Хан қазіретімізге және білім мен ғылым ғасырында теңдесі жоқ еңбектеріміздің бірі болған «Кавайид-и Османийе» кітабымыз қайта қаралып, өңделіп баспадан шықты.*

Ұлы Алла періште мінезді қасиетті падишахымызды қолдасын, Құдай Тағала қашанда білім мен ғылымға жетелесін, (Әміршіміздің) өмірі күн өткен сайын ұзай түсіп көп жасасын. Әумин (2-сурет).



2-сурет. Падишахқа мадақтау сөзі

Кітаптың титулдық бетінде орын алған жазбалардың латынша транскрипциясы және қазақша аудармасы (1-сурет):

Tertib-i Cedîd - редакцияланған нұсқасы

Kavaid-i Osmanîye - *Каваид-и османийе*

Eserhame-i Ahmed Cevdet - *авторы Ахмед Жевдет*

Mekatib-i İdadiyenin dördüncü senesinde tedris olunmak üzere Maarif-i Umumiye Nezareti celilesince kabul olunmuştur - *бастауыш мектептің төртінші жылында оқытылу үшін Білім беру министрлігі рұқсатымен (мақұлдауымен) басылып отыр.*

Nezaret- i müşarünileyhin 263 numara ve 9 Eylül sene 513 tarihli ruhsatnamesiye tab edilmiştir – *министрліктің 263 нөмірлі және 9 қыркүйек 1851 жылғы рұқсатымен (мақұлдауымен) баспаға ұсынылған.*

Сол жақ тұстағы үлкен мөрдегі жазба:

Nezaret- -i Maarif-i Milliye - *Білім беру министрлігі*

Matbaa-i Âmire - *Мемлекеттік баспа үйі*

Оң жақ тұстағы кіші мөрдегі жазба:

DÂRÜTTİBÂA AMİRE - *Осман империясының мемлекеттік баспа үйі*

Беттің төменгі тұсындағы жазбалар:

Maarif- Umumiye Nezaret- celilesiyle Matba-i Amirenin Bâlâ'daki mühürlerini hâvi olmayan nüshalar mekatipte kabul olunmaz - *Ресми мөр басылмаған жарияланымдар жарамсыз болып табылады.*

Darül Hilafetül Aliye - *Діни жоғары басқарма*

Matbuâ-i Âmire - *Мемлекеттік баспа үйі 7131*

Fiyatı 5 paradır - *бағасы 5 пара* (Cevdet, 1867: 3).

(пара - Осман елінің «ақша - акчеден» кейінгі ұлттық валюта атауы – Е.Е.)

«Каваид» сөзі «Осман тілі – түрік тілі энциклопедиялық сөздігінде» қағида, ереже, тәртіп деп берілсе (Devellioğlu, 2002: 496). Ал «Мысалдармен түрік тілі сөздігі» «қағида» дегенге “Dil bilgisi» kitabı” – *Тіл білімі кітабы* деп қосып осы оқулыққа сілтеме жасаған (Örnekleriye Türkçe Sözlük, 2002: 1588).

Қорытынды

Ізденіс барысында байқағанымыздай Осман империясының соңғы уақыттарында шыққан османтілді еңбектер елімізде де бар. Солардың бірі осман-түрік тілі грамматикасына арналған. Сақтаулы тұрған жері: Қазақстан ұлттық кітапханасы, Алматы қаласы; Коллекциялық атауы: Сирек қолжазбалар қоры; Тіркеу нөмірі: 1554; Ескі тіркеу нөмірі: 62-38; Авторы: Хүсейін Жахид (Hüseyin Câhid); Еңбектің атауы: Türkçe Sarf ve Nahiv (Üçüncü sene) – Түрік тілі морфологиясы мен синтаксисі (Үшінші жыл-сынып); Тілі: түрік тілі – осман тілі; Том саны: 1; Датасы және орны: Хижра 1324, Стамбұл, Ахмед Ихсан баспа үйі; Бет саны: 334; Жол саны: тұрақты емес; Өлшемі: 174X110 – 150X85 mm. Бағасы: 300 теңге; Сипаттамасы: Қалың мұқаба бетпен қапталған. Кітаптың жарияланым уақыты 324 цифрымен беріліп сыртқы мұқабасына жазылған. Шығарма осман-түрік тілінің морфологиясы мен синтаксисін баяндау негізінде түзілген (Қабадайы, Шадкам, 2021: 102). Алматыда сақтаулы тұрған басылымға шығыстанушы ғалымдар мен түркологтар назар аударады деп үміттенеміз.

Соңғы уақыттардағы шығыстану, оның ішінде османистика саласына қатысты ізденістерді сараласақ қазақ тілінде көптеген еңбектердің жарияланып жатқандығын көруге болады. Бұлар әрине, көбінесе, саны мен сапалық жағынан академиялық еңбектер бола алмаса да осман тіліне қатысты зерттеулерді өзіндік форматта толықтырып отыр дей аламыз. Кейбір жарияланымдар, мысалы, «Осман тілі зерттеулерінің қазақ түркологиясындағы орны мен маңызы – проблематикалық тұстары» атты мақалада (Есбосынов, 2025: 4-17), Стамбұл қаласының түрік әдеби тілінің қалыптасуына ықпал етуінің әлеуметтік-тарихи аспектісі баяндалған. Сонымен қатар Анкара мен Стамбұл говорларын өзара салыстыру иіні ретінде «стамбұл түрікшесі», «түркия түрікшесі», «осман түрікшесі» дегенге саятын атау-терминдерді тілдік – тарихи тұрғыда талдаған еңбектерге шолу жасаған.

Түркі елдері тарихында өзіндік орны бар, ал қазақ шығыстануы мен түркологиялық зерттеулерінде үлкен маңызға ие ғылыми сала, – османистика және төңірегіндегі ізденістер екендігі сөзсіз. Ал тарихи жәдігерлер мен жазба ескерткіштер жайында деректермен бөлісу, – қашанда өзекті де маңызды істердің қатарынан көріне бермек.

Әдебиеттер:

- Acar, 2020 – *Acar Hasan*.Tanzimat Dönemi Siyasi Liderlerinden Biri Olarak Keçecizade Mehmet Fuad Paşa. Analytical Politics,cilt 1, sayı 1, 4 s.
- Cevdet, 1867 –*Cevdet Ahmed*. Nezaret-i Maarif-i Milliye. Istanbul. 131 s.
- Devellioğlu, 2012. – *Devellioğlu Ferid*. Osmanlıca-Türkçe Ansiklopedik Lugat. Aydın Kitabevi Yayınları. 29.baskı Ankara. 1061 s.
- Örnekleleriyle Türkçe Sözlük. 2002 – Örnekleleriyle Türkçe Sözlük. II cilt. Milli Eğitim Basımevi. İstanbul. 1835 s.
- Örnekleleriyle Türkçe Sözlük, 2002 – Örnekleleriyle Türkçe Sözlük. Ankara: Milli Eğitim Basımevi. III. 3337 s.
- Polat, 2003– *PolatNazım*.Türkçenin Öğretimi ve Ahmet Cevdet Paşa.TÜBAR-XIII. Bahar. 447 s.
- Resimli Türk Edebiyatı Tarihi, 1998– Resimli Türk Edebiyatı Tarihi. II cilt, Milli Eğitim Bakanlığı, Ankara. 957 s.
- Tekin, 1972–*TekinTalat*.Atatürk ve Türk Dilinde Reform. Türk Dil Kurumu’nun 40.yılı. TDK Tanıtma Yayınları, Ankara. 350 s.
- Türkçe Sözlük, 2011 – Türkçe Sözlük. Türk Dili Kurumu Yayınları: 540. Ankara. S.2763.
- Абай тілі сөздігі, 1968 – *Абай тілі сөздігі*. Алматы: Қазақ ССР-нің «ҒЫЛЫМ» баспасы. 1968. 735 б.
- Есбосынов, 2025 – *Есбосынов Е.* Осман тілі зерттеулерінің қазақ түркологиясындағы орны мен маңызы – проблематикалық тұстары // Қазақ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. 2025. Т. 113 № 2. 4 – 17 б.
- Kabadayı, Şadkam, 2021 – *Kabadayı O., Şadkam Z.*Kazakistan (Almatı) Milli Kütüphanesindeki Arap Harfli Türkçe Nadir Eserler Katalogu.Almatı:Hoca Ahmet Yesevî Üniversitesi Avrasya Araştırmaları Enstitüsü. 394 s.
- Кажибеков, 1986 –*Кажибеков Е.З.* Глагольно-именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках.Издательство «Наука» Казахской ССР. Алматы. 271 с.
- Кононов,1956 – *Кононов А.Н.*Грамматика современного турецкого литературного языка. Академия Наук СССР Институт Востоковедения. Москва-Ленинград. 540 с.
- Самойлович, 1925 –*СамойловичА.Н.* Краткая учебная грамматика османско-турецкого языка. Репр.изд. 1925 г. Москва, Вост.лит.: Муравей, 2002.

References:

- Acar, 2020 – *Acar Hasan*. Tanzimat Dönemi Siyasi Liderlerinden Biri Olarak Keçecizade Mehmet Fuad Paşa [Keçecizade Mehmet Fuad Pasha as One of the Political Leaders of the Tanzimat Period] Analytical Politics, cilt 1, sayı 1, 4 s.(in Tur)
- Cevdet, 1867 – *Cevdet Ahmed*. Nezaret-i Maarif-i Milliye [Ministry of National Education]. Istanbul. 131 s. (in Tur)
- Devellioğlu, 2012. – *Devellioğlu Ferid*. Osmanlıca-Türkçe Ansiklopedik Lugat [Ottoman-Turkish Encyclopedic Dictionary]. Aydın Kitabevi Yayınları. 29.baskı Ankara. 1061 s.(in Tur)
- Tekin, 1972 –*Tekin Talat*. Atatürk ve Türk Dilinde Reform [Atatürk and the Reform of the Turkish Language]. Türk Dil Kurumu’nun 40.yılı. TDK Tanıtma Yayınları, Ankara. 350 s.(in Tur)

- Örnekleriyle Türkçe Sözlük. 2002 – Örnekleriyle Türkçe Sözlük [Turkish Dictionary with Examples]. II cilt. Milli Eğitim Basımevi. İstanbul. 1835 s. (in Tur)
- Örnekleriyle Türkçe Sözlük, 2002 – Örnekleriyle Türkçe Sözlük [Turkish Dictionary with Examples]. Ankara: Milli Eğitim Basımevi. III. 3337 s. (in Tur)
- Polat, 2003 – *Polat Nazım*. Türkçenin Öğretimi ve Ahmet Cevdet Paşa [Teaching Turkish and Ahmet Cevdet Pasha]. TÜBAR-XIII. Bahar. 447 s.(in Tur)
- Resimli Türk Edebiyatı Tarihi, 1998 – Resimli Türk Edebiyatı Tarihi [Illustrated History of Turkish Literature]. II cilt, Milli Eğitim Bakanlığı, Ankara. 957 s.(in Tur)
- Türkçe Sözlük, 2011 – Türkçe Sözlük [Turkish Dictionary]. Türk Dili Kurumu Yayınları: 540. Ankara. S.2763.(in Tur)
- Abay tili sozdigi, 1968 – Abay tili sozdigi [Abay Dictionary]. Almaty: Qazaq SSR-nin «Gylym» baspasy. 1968. 735 b.(in Kaz)
- Esbosynov, 2025 – *Yesbossynov Ye*. Osman tili zertteulerinin qazaq turkologiyasyndagy orny men manyzy – problematikalyq tustary [The place and significance of Ottoman language studies in Kazakh Turkology - problematic aspects] // QazUU Khabarshysy. Shygystanu seriyasy. 2025. T. 113 № 2. P. 255– 271. (in Kaz)
- Kabadayı, Şadkam, 2021 – *Kabadayı O., Şadkam Z*. Kazakistan (Almatı) Milli Kütüphanesindeki Arap Harfli Türkçe Nadir Eserler Katalogu [Catalogue of Rare Works in Turkish with Arabic Letters in the National Library of Kazakhstan (Almaty)]. Almatı:Hoca Ahmet Yesevî Üniversitesi Avrasya Araştırmaları Enstitüsü. 394 s.(in Tur)
- Kazhibekov, 1986 – *Kazhibekov Ye.Z*. Glagolno-imennaya korrelyatsiya gomogennykh korney v tyurkskikh yazykakh [Verb-nominal correlation of homogeneous roots in Turkic languages]. Izdatelstvo «Nauka» Kazakhskoy SSR. Almaty. 271 s.(in Rus)
- Kononov, 1956 – *Kononov A.N*. Grammatika sovremennogo turetskogo literaturnogo yazyka [Grammar of the modern Turkish literary language]. Akademiya Nauk SSSR Institut Vostokovedeniya. Moskva-Leningrad. 540 s.(in Rus)
- Samoylovich, 1925 – *Samoylovich A.N*. Kratkaya uchebnaya grammatika osmansko-turetskogo yazyka [A short educational grammar of the Ottoman-Turkish language]. Repr.izd. 1925 g. Moskva, Vost.lit.: Muravey, 2002. (in Rus)

Есбосынов Е.З.

*Казахский национальный педагогический университет
имени Абая, Алматы, Казахстан
E-mail: ergaliesb@gmail.com*

ПЕРВЫЕ УЧЕБНИКИ НА ОСМАНСКОМ ЯЗЫКЕ: «КАВАИД-И ОСМАНИЙЕ»

Аннотация. Любая отрасль науки имеет собственную историю возникновения, развития и формирования. Со временем определяются её направления и цели, складываются научные школы и формируются академические традиции. Одной из таких фундаментальных и обширных областей знаний является востоковедение, составной частью которого выступает османистика. Основное направление османистики связано с исследованием Османской империи и её окружения; при этом невозможно обойти вниманием изучение османского языка, неразрывно связанное с данной научной областью. Поскольку османский язык, являющийся «предком» современного турецкого языка, занимает особое место в тюркологии, турецкие учёные уделяют значительное внимание исследованиям, посвящённым учебным пособиям по османскому языку. В данной работе мы намерены представить сведения о «Каваид-и османие» – первом учебнике по османскому языку, написанном в

классическом стиле, на основе доступных нам источников. Некоторые исследователи отмечают, что данное произведение нельзя ставить в один ряд с общетюркскими письменными памятниками, такими как «Диван лугат ат-тюрк» (Словарь тюркских наречий), «Кодекс Куманикус» (Куманский кодекс) или «Китаб эл-Идрак ли-Лисан эл-Атрак» (Книга постижения языка тюрков), поскольку они не являются учебниками в полном смысле слова, а представляют собой «собрания грамматических комментариев». Более того, большинство произведений того периода исследователи относят к категории «лексикографических трудов». Этой точки зрения придерживался и А. Н. Кононов, назвавший «Каваид-и османие» «первым грамматическим учебником османского языка». Подобно другим печатным изданиям того времени, данное произведение отличается своеобразием структуры и не содержит раздела, обозначенного как «содержание». Раздел «Предисловие» начинается с прославления главы государства – султана Османской империи Гази Султана Абдулхамита II. В этом разделе широко представлены обращения, выражающие почтение и преданность султану, а также слова благопожеланий и молитвенные обращения «от имени Всевышнего Аллаха», что придаёт тексту характер возвеличивания и почитания правителя. Примечательно, что книга была издана с разрешения первой турецкой Академии наук, основанной по указу султана и действовавшей по европейскому образцу под названием «Енжүмен-и Даниш» («Энджюмен-и Даниш»). Первое издание вышло в 1864 году. Таким образом, учебник османского языка, созданный Ахмедом Джевдетом и Кеджеджизаде Фуатом пашой совместно, оказал значительное влияние на последующее написание учебников по турецкому языку и способствовал формированию турецкой грамматической школы. Позднее Ахмед Джевдет дополнил и переработал данный труд, опубликовав его под названием «Каваид-и тюркийе» в 1876 году в Стамбуле. В рамках этой работы грамматика османского языка и процесс обучения языку были приведены к системности, что укрепило основу турецкой грамматической школы европейского образца.

Ключевые слова: османский язык, грамматика османского языка, «Каваид-и османие», Ахмед Джевдет-паша, Стамбул.

Yesbossynov Ye.

Abay Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ergaliesb@gmail.com

THE FIRST TEXTBOOKS IN THE OTTOMAN LANGUAGE: «KAVAID-I OSMANIYE»

Abstract. Every field of science has its own history of origin, development, and formation. Over time, its directions and objectives are defined, scientific schools emerge, and academic traditions take shape. One of such fundamental and extensive fields of knowledge is Oriental Studies, a constituent part of which is Ottoman Studies. The main focus of Ottoman Studies is the exploration of the Ottoman Empire and its surroundings; at the same time, it is impossible to ignore the study of the Ottoman language, which is inseparably linked with this scientific discipline. Since the Ottoman language, considered the "ancestor" of modern Turkish, holds a special place in Turkology, Turkish scholars devote considerable attention to research concerning textbooks on the Ottoman language. In this paper, we aim to present information about "Kavaid-i Osmaniye" – the first textbook on the Ottoman language written in a classical style, based on the available sources. Some researchers note that this work cannot be placed on the same level as the Common Turkic written monuments such as "Divan Lugat at-Turk" (The Dictionary of Turkic Dialects), "Codex Cumanicus" (The Cuman Code), or "Kitab al-Idrak li-Lisan al-Atrak" (The Book of Comprehension

of the Language of the Turks), since these are not textbooks in the full sense of the word but rather "collections of grammatical commentaries." Moreover, most works of that period are classified by scholars as "lexicographic works." This point of view was also supported by A. N. Kononov, who referred to "Kavaid-i Osmaniye" as "the first grammatical textbook of the Ottoman language." Like other printed works of that time, this book is characterized by a distinctive structure and does not contain a section titled "Contents." The "Preface" section begins with the glorification of the head of state - Sultan of the Ottoman Empire, Ghazi Sultan Abdulhamid II. This section widely features expressions of respect and loyalty to the Sultan, as well as words of blessing and prayers "in the name of Almighty Allah," which gives the text a tone of exaltation and reverence for the ruler. It is noteworthy that the book was published with the permission of the first Turkish Academy of Sciences, established by the Sultan's decree and operating on the European model under the name "Encümen-i Daniş" ("Enjümen-i Danish"). The first edition was released in 1864. Thus, the Ottoman language textbook jointly created by Ahmed Cevdet and Kececi-zade Fuat Pasha had a significant influence on the subsequent writing of Turkish language textbooks and contributed to the formation of the Turkish grammatical school. Later, Ahmed Cevdet supplemented and revised this work, publishing it under the title "Kavaid-i Türkiyye" in 1876 in Istanbul. Within the framework of this work, the grammar of the Ottoman language and the process of teaching it were systematized, thereby strengthening the foundation of the Turkish grammatical school of the European type.

Keywords: Ottoman language, Ottoman grammar, "Kavaid-i Osmaniye", Ahmed Cevdet Pasha, Istanbul.

Автор туралы мәлімет:

Есбосынов Ергали Зияханұлы, филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

Сведения об авторе:

Есбосынов Ергали Зияханович, к.филол.н., и.о. ассоциированный профессор, КазНПУ им.Абая. Алматы, Казахстан.

Information about author:

Yesbossynov Yergali, Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University Institute of Philology and Multilingual Education, Almaty, Kazakhstan.